

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 20 шілде N 983. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.29. N 1132 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 10 желтоқсандағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі туралы ереже;

2) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мемлекеттік еңбек инспекторы туралы ереже;

3) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мемлекеттік мекемелері - аумақтық органдары тізбесі;

4) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің қарауындағы ұйымдар тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне үш вице-министр болуына рұқсат етілсін.

3. Мыналардың:

1) "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 9 сәуірдегі N 394 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 12, 119-құжат);

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 2 тамыздағы N 1093 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың 12-тармағының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 40, 343-құжат);

3) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 3 қыркүйектегі N 1301 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілген өзгерістердің 13-тармағының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 45, 403-құжат) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2001 жылғы 20 шілдедегі

№ 983 қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрлігі туралы**

Ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) өзінің құзыретіне жатқызылған қызмет саласында басшылықты жасайтын, сондай-ақ заңнамада көзделген шекте салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы болып табылады.

Министрліктің облыстарда, Астана және Алматы қалаларында аумақтық органдары бар.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002 жылғы 17 маусымдағы № 662 қаулысымен.

2. Министрлік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің кесімдеріне, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Министрлік мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, өз атауы мемлекеттік тілде жазылған елтаңбалы мөрлері мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңнамада белгіленген тәртіппен ашылған шоттары болады.

Министрлік азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

Министрліктің, егер оған заңнамаға сәйкес сондай уәкілеттік берілсе, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабы болуға құқығы бар.

4. Министрлік өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Министрдің бұйрықтарымен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

5. Министрліктің штат санының лимитін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

6. Министрліктің заңды мекен-жайы: 473000, Астана қаласы, Манас көшесі, 2.

7. Министрліктің толық атауы - "Қазақстан Республикасының Еңбек және

халықты әлеуметтік қорғау министрлігі" мемлекеттік мекемесі.

8. Осы Ереже Министрліктің құрылтай құжаты болып табылады.

9. Министрліктің қызметін қаржыландыру мемлекеттік бюджеттен жүзеге асырылады.

Министрліктің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау мәніне кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға енгуге Министрлікке тыйым салынды.

Егер Министрлікке заңнамалық кесімдерімен кіріс әкелетін қызмет ету құқығы берілсе, ондай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Министрліктің негізгі міндеттері, функциялары мен құқықтары

10. Министрліктің негізгі міндеттері:

- 1) еңбек, жұмыспен қамту, халықты әлеуметтік қорғау және еңбек ресурстарын тиімді пайдалану саласында мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеу және оларды жүзеге асыру;
- 2) жұмыссыздық деңгейін азайту және кедейлік ауқымын қысқарту жөніндегі мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға қатысу;
- 3) әлеуметтік әріптестік саласында мемлекеттік саясатты іске асыру;
- 4) жинақтаушы зейнетақы жүйесі саласында мемлекеттік саясатты іске асыру;

4-1) мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласында мемлекеттік саясатты іске асыру. < * >

4-2) міндетті әлеуметтік сақтандыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру; < * >

5) еңбек, еңбекті қорғау, жұмыспен қамту, зейнетақымен қамсыздандыру және әлеуметтік қорғау туралы заңнаманың сақталуына мемлекеттік бақылауды қамтамасыз ету;

6) < * >

Ескерту. 10-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.10.31. N 1081 қаулысымен.

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.04.02. N 379 қаулысымен.

11. Министрліктің заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асыратын функциялары:

1) Халықты жұмыспен қамтудың республикалық бағдарламасын және өз құзыретіне жатқызылған қызметтер саласында басқа да бағдарламаларды әзірлеу;

2) еңбек рыногының бірыңғай ақпараттық дерекқорын құру негізінде жұмыс күшіне деген сұраныс пен ұсынысты талдау, болжау;

3) еңбек рыногының мұқтаждарына сәйкес кадрлар даярлауға қажеттілікті

мүдделі органдармен бірлесіп анықтау;

4) ішкі еңбек рыногын қорғау мақсатында инвестициялық келісім-шарттар жобаларын қарауға қатысу;

5) әлеуметтік нормативтер мен оларды есептеудің әдістемесін әзірлеу және оларды өз құзыреті шегінде бекіту;

6) әлеуметтік қорғау жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу және шаралар қабылдау;

7) халықты атаулы әлеуметтік қорғау, отбасыларын, аналарды, балаларды, мүгедектерді және олардың отбасы мүшелерін, сондай-ақ әлеуметтік қорғауды қажет ететін халықтың басқа да қатарын қолдау жөніндегі шараларды әзірлеу және жүзеге асыру;

8) ең төменгі күнкөріс шамасын есептеуге қатысу;

9) әлеуметтік-еңбек мәселелері бойынша аймақтық бағдарламаларды әзірлеуге қатысу;

10) Министрліктің аумақтық органдарының қызметін үйлестіру, медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізуге және мүгедектерді оңалтуға ұйымдық-әдістемелік басшылық жасау және бақылау, республикадағы мүгедектікті ақпараттық-статистикалық талдау; <*>

10-1) мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласында, оның ішінде медициналық-әлеуметтік сараптама саласында нормативтік құқықтық кесімдердің жобаларын әзірлеу; <*>

10-2) мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласында кешенді бағдарламалар әзірлеу; <*>

10-3) барлық санаттағы мүгедектерге әлеуметтік қызмет көрсету протездік-ортопедиялық көмек көрсету, есту протездерімен және тифлотехникамен, арнайы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз ету мәселелері жөнінде нормативтік құқықтық кесімдер, әдістемелік ұсынымдар әзірлеу; <*>

10-4) облыстық (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармаларының (департаменттерінің) және жергілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіру және әдістемелік басшылық жасау; <*>

11) Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан (бұдан әрі - Мемлекеттік орталық) зейнетақы есептеу мен төлеу әдістемесін жасау және олардың азаматтарға, соның ішінде Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде жүрген азаматтарға төленуін қамтамасыз ету, сондай-ақ олардың мөлшерін, тағайындалу шарттарын және төлеу тәртібін өзгерту жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

12) Мемлекеттік орталықтан зейнетақы төлемдерін тағайындау;

12-1) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік

төлемдерді тағайындау; < * >

13) Мемлекеттік орталықтан мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды, N 1 тізім бойынша мемлекеттік арнаулы жәрдемақыларды және арнаулы мемлекеттік жәрдемақыларды тағайындау;

14) әлеуметтік сақтандыру жүйесін құру және оның жұмыс істеуі жөніндегі мемлекеттік саясатты дайындауға және нормативтік құқықтық кесімдерді әзірлеуге қатысу;

15) еңбекті қорғау мәселелері жөніндегі ұйымдармен жұмысты үйлестіру және өзара әрекет ету;

16) еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғауды жақсартуға бағытталған нормативтік құқықтық кесімдерді әзірлеу, Қазақстан Республикасының Үкіметіне еңбек жағдайлары және еңбекті қорғаудың жай-күйі мен оларды жақсарту жөніндегі шаралар туралы жыл сайын баяндама ұсыну;

17) еңбектің қауіпсіз жағдайларын нормативтік қамтамасыз ету;

18) еңбекті нормалау мен оған ақы төлеуді ұйымдастыру мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық кесімдерді жетілдіруге қатысу;

19) мемлекеттік қызметшілерден басқа мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

20) еңбекті нормалауды ұйымдастыру бойынша ұсынымдар әзірлеу, Жұмыстардың және жұмысшылар кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (БТБА), Қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы (БА) және Жұмыстар жіктеуіші (ЖЖ) негізінде мемлекеттік ұйымдар қызметкерлері үшін біліктілік талаптарын келісу;

21) әлеуметтік және еңбек қатынастары саласында әлеуметтік әріптестік жүйесін реттеу жөнінде ұсыныстар әзірлеу және жүзеге асыру, сондай-ақ өз құзыреті шегінде еңбек жанжалдарын шешуге қатысу және Әлеуметтік әріптестік жөніндегі республикалық үш жақты комиссияның жұмысын қамтамасыз ету;

22) еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау саласында халықаралық байланыстар мен ынтымақтастықты ұйымдастыру, осы мәселелер бойынша шет мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен консультациялар мен келіссөздер жүргізу;

23) республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі функцияларын атқару;

24) Министрлік жүйесінің кадрларын даярлау және қайта даярлау;

25) еңбек, еңбекті қорғау, халықты жұмыспен қамту, әлеуметтік қорғау және зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнаманың сақталуын мемлекеттік

бақылауды жүзеге асыру;

25-1) әлеуметтік төлемдердің уақтылы және толық тағайындалуы мен олардың алынуын бақылауды қамтамасыз ету; <*>

26) еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау саласында ақпараттық технологияларды, ақпараттарды өңдеу жүйесін енгізу;

27) азаматтар мен ұйымдарға еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау мәселелері жөнінде консультация беру;

2 8) < * >

Ескерту. 11-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.10.31. N 1081 қаулысымен .

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.04.02. N 379

қаулысымен .

12. Министрліктің негізгі міндеттерді іске асыру және өзіне жүктелген функцияларды жүзеге асыру үшін заңнамада белгіленген тәртіппен мынадай құқығы бар :

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарынан, сондай-ақ өзге де ұйымдардан Министрлікке жүктелген функцияларды жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды, қорытындыларды, анықтамалық және өзге де материалдарды сұрату және алу ;

1-1) әлеуметтік төлемдерді тағайындау үшін ұсынылған құжаттардың дұрыстығын тексеру; <*>

2) Министрліктің құзыретіне енетін мәселелер бойынша мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіруді жүзеге асыру, еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау саласында заңнаманың қолданылуы жөнінде түсініктемелер беру ;

2-1) әлеуметтік төлемдерді тағайындау және алу мәселелері бойынша қажетті түсініктер беру ; <*>

3) әйелдердің және 18 жасқа толмаған адамдардың еңбегіне шек қойылатын зиянды және еңбек жағдайлары қауіпті өндірістердің, кәсіптердің және жұмыстардың тізбелерін бекіту;

3-1) еңбек ету қабілетінен айрылу дәрежесін белгілеу; <*>

4) өзінің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша нормативтік құқықтық кесімдерді қабылдау ;

5) қауіпсіз еңбекті қамтамасыз ету және еңбекті қорғау жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін қажетті талаптарды белгілеу;

5-1) әлеуметтік төлемдерді тағайындау үшін қажетті құжаттарды қабылдау және беру жөніндегі талаптарды белгілеу; <*>

6) еңбек жөніндегі нормаларды, Жұмыстардың және жұмысшылар кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (БТБА), Қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын (БА), Жұмысшылар кәсіптері мен

қызметшілер лауазымдарының жіктеуішін (КЛЖ), Жұмыстар жіктеуішін (ЖЖ), нұсқаулықтарды өз құзыреті шегінде бекіту, келісу, еңбекті нормалауды ұйымдастыру және оған ақы төлеу мәселелері жөнінде түсініктемелер,
ұ с ы н ы м д а р б е р у ;

7) әлеуметтік және еңбек қатынастары бойынша аймақтық және салалық (тарифтік) келісімдерді хабарлай отырып, тіркеу;

8) еңбек, еңбекті қорғау, жұмыспен қамту және зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнаманың сақталуын бақылауды жүзеге асыру;

9) шетелдік жұмыс күшін тартумен, сондай-ақ жұмыс күшін Қазақстан Республикасынан шетелге әкетумен байланысты қызметке лицензия беру, оны тоқтата тұру және кері қайтарып алу;

10) жұмыс берушілерге Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген квота шегінде рұқсат беру;

11) бюллетеньдер, журналдар және басқа да баспа басылымдарын шығару;

1 2) < * >

Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.04.02. N 379 қаулысымен .

3. Министрліктің мүлкі

13. Министрліктің жедел басқару құқығында оқшау мүлкі болады.

Министрліктің мүлкі оған мемлекет берген мүлік есебінен құралады және негізгі қорлар мен айналым қаражатын, сондай-ақ құны Министрліктің теңгерімінде көрсетілетін өзге де мүліктерден тұрады.

14. Министрліктің мүлкі республикалық меншікке жатады.

15. Министрліктің өзіне бекітіліп берілген мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға немесе оған өзге тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

Министрлікке мүлікке билік ету құқығы заңнамада белгіленген жағдайларда және шектерде берілуі мүмкін.

4. Министрлік қызметін ұйымдастыру

16. Министрлік пен оның аумақтық органдары Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің бірыңғай жүйесін құрайды .

17. Министрлікті Министр басқарады.

Министрді Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ұсынуымен Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады .

Министрдің Қазақстан Республикасының Үкіметі Министрдің ұсынуымен қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын орынбасарлары - вице - министрлері болады .

18. Министр Министрліктің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды, Министрлікке жүктелген міндеттердің орындалуы және оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін жеке жауап береді.

19. Министр осы мақсатта:

1) вице-министрлердің және министрліктің құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттері мен өкілеттік шеңберін белгілейді;

2) Министрлік қызметкерлерін, аумақтық органдар мен ведомстволық ұйымдардың басшыларын заңнамада белгіленген тәртіппен қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес мемлекеттік органдармен және өзге ұйымдармен өзара қарым-қатынаста Министрлікті білдіреді;

4) бұйрықтарға қол қояды;

5) Министрліктің аумақтық органдары және Министрліктің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

6) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен қызметкерлер штат санының лимиті шегінде Министрліктің және оның аумақтық органдарының құрылымын және штат санын бекітеді;

7) Министрліктің аумақтық органдары, Министрліктің қарауындағы мемлекеттік ұйымдар басшыларының бұйрықтарын жояды не толық немесе ішінара тоқтата тұрады;

8) Министрліктің қызметкерлеріне заңнамада белгіленген тәртіппен көтермелеу, материалдық көмек көрсету, тәртіптік жазалар қолдану мәселесін шешеді;

9) өзінің құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

ЕСКЕРТУ. 19-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002 жылғы 17 маусымдағы N 662 қаулысымен.

20. Вице-министрлер Министр белгілеген өз міндеттері мен өкілеттігі шегінде министрліктің нормативтік сипаттағы емес бұйрықтарына қол қояды.

21. Министрліктің Министр жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылатын алқасы болады. Алқаның сандық және жеке құрамын Министр бекітеді.

5. Министрлікті қайта ұйымдастыру және тарату

22. Министрлікті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2001 жылғы 20 шілдедегі

№ 983 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мемлекеттік еңбек инспекторы туралы Ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мемлекеттік еңбек инспекторлары (бұдан әрі - мемлекеттік еңбек инспекторы) " Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы " 1999 жылғы 10 желтоқсандағы, " Еңбекті қорғау туралы " 1993 жылғы 22 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңдарының және еңбек туралы өзге де нормативтік құқықтық кесімдердің Қазақстан Республикасының аумағында сақталуына бақылау ж а с а й д ы .

2. Мемлекеттік еңбек инспекторлары өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын , заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің кесімдерін, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерді және осы Ережені басшылыққа алады.

3. Еңбек туралы және еңбекті қорғау туралы заңнаманың сақталуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік инспекторларға мыналар ж а т а д ы :

1) Қазақстан Республикасының бас мемлекеттік еңбек инспекторы - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің (бұдан әрі - Министрлік) мемлекеттік еңбек инспекциясы құрылымдық бөлімшесінің (бұдан әрі - мемлекеттік еңбек инспекциясы) басшысы;

2) Қазақстан Республикасының еңбек жөніндегі орталық атқарушы органының бас мемлекеттік еңбек инспекторлары - Министрліктің мемлекеттік еңбек инспекциясы құрылымдық бөлімшесінің қызметкерлері;

3) облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша бас мемлекеттік еңбек инспекторлары - Министрліктің облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы аумақтық органдары басшыларының тиісті орынбасарлары;

4) облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша мемлекеттік еңбек инспекторлары - Министрліктің облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы аумақтық органдары мемлекеттік еңбек инспекциясының қызметкерлері.

2. Мемлекеттік еңбек инспекторларының негізгі міндеттері, функциялары мен құқықтары

4. Мемлекеттік еңбек инспекторларының негізгі міндеттері:

1) жұмыс берушілердің Қазақстан Республикасының еңбек туралы және

еңбекті қорғау туралы заңнаманы және өз құзыреті шегінде Министрліктің қызметі саласындағы өзге де нормативтік құқықтық кесімдерді сақтауына мемлекеттік бақылауды қамтамасыз ету;

2) қызметкерлер мен жұмыс берушілердің еңбек туралы және еңбекті қорғау туралы заңнама мәселелері бойынша өтініштерін, арыздарын және шағымдарын қ а р а у .

5. Мемлекеттік еңбек инспекторлары заңнамада белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) еңбек туралы заңнамалардың сақталуын, соның ішінде қызметкерлердің ешбір кемсітушіліксіз бірдей еңбегі үшін теңдей ақы алуға, демалуға, қауіпсіздік және гигиена талаптарына жауап беретін еңбек жағдайларына, еңбек міндеттерін атқаруына байланысты олардың денсаулығына немесе мүлкіне келтірілген зиянды өтеткізу құқығының сақталуын бақылайды;

2) еңбек туралы және еңбекті қорғау туралы заңнаманы бұзуға әкеп соқтыратын себептер мен мән-жайларды, шағымдарды тексеру және зерттеу жүргізу арқылы анықтайды, сондай-ақ еңбек туралы және еңбекті қорғау туралы заңнаманы бұзушылықтың алдын алу жөніндегі жұмысты күшейтуге бағытталған іс-шараларды іске асыру жөніндегі шараларды әзірлеуге және қ а б ы л д а у ғ а қ а т ы с а д ы ;

3) еңбек заңнамасының, еңбекті қорғау саласындағы нормативтік құқықтық кесімдердің, техника қауіпсіздігінің бұзылу себептеріне талдау мен қорытынды жасайды және оларды жою жөнінде шаралар қабылдайды;

4) өндірістегі жазатайым оқиғалар мен кәсіби ауруларды тексеруге қатысады және олардың есебін жүргізеді;

5) өндірістік жарақаттанушылық пен кәсіби аурулардың жай-күйі мен себептеріне талдау жүргізеді, олардың алдын алу жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

6) өндірістік мақсаттағы объектілердің аяқталған немесе қайта жаңғыртылған құрылысын пайдалануға қабылдау жөніндегі комиссияның жұмысына қатысады;

7) тексерулердің қорытындылары бойынша еңбек туралы заңнаманың анықталған бұзушылықтарын жою туралы нұсқамалар береді;

8) шетелдік жұмыс күшін тартуға берілетін рұқсаттарда ескертілген шарттардың орындалуын бақылауды және тексеруді жүзеге асырады;

9) еңбек заңнамасының анықталған бұзушылықтары туралы оларды жою жөнінде шаралар қабылдау үшін жұмыс берушілерді, өндірістік бөлімшелердің басшыларын хабардар етеді, мемлекеттік еңбек инспекторларының нұсқамасын орындамаған жағдайда кінәлі адамдарды жауапқа тарту туралы ұсыныстар е н г і з е д і ;

10) ұйымдардың еңбек заңнамасын сақтауының жай-күйін сипаттайтын

көрсеткіштерді жинауды, қорытуды, жүйелеуді және талдауды жүзеге асырады;

11) еңбек туралы және еңбекті қорғау туралы заңнама мәселелері бойынша ұйымдарда, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдары арқылы түсіндіру жұмыстарын жүргізеді;

12) өз құзыреті шегінде мемлекеттік инспекторларға Министрлік жүктеген өзге де функциялар.

6. Мемлекеттік еңбек инспекторлары өздерінің негізгі міндеттерін іске асыру және функцияларын жүзеге асыру мақсатында заңнамада белгіленген тәртіппен өз құзыреті шегінде мыналарға құқылы:

1) ұйымдардың еңбек заңнамасын сақтауына тексеру жүргізуге;

2) еңбек туралы және еңбекті қорғау туралы заңнаманың сақталуын бақылауды және тексеруді жүзеге асыру мақсатында белгіленген тәртіппен ресімделген тексеру жүргізу туралы қаулыны және куәлігін көрсеткенде ұйымдарға кез келген уақытта кедергісіз баруға;

3) шетелдік жұмыс күшін тартуға берілетін рұқсаттарда ескертілген шарттардың орындалуына тексеру жүргізуге;

4) мемлекеттік инспекторларға жүктелген функцияларды орындау үшін қажетті тиісті құжаттар мен өзге де ақпаратты жұмыс берушілерден сұратуға және алуға;

5) еңбек туралы және еңбекті қорғау туралы заңнама нормаларының анықталған бұзушылықтарын жою туралы жұмыс берушілердің орындауы үшін міндетті нұсқамалар беруге, сондай-ақ заңның бұзылушылығы туралы хаттамалар жасауға, әкімшілік жаза қолдануға және сотқа талап-арыз беруге;

6) өздерінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша түсініктемелер беруге;

7) еңбекті қорғау жөніндегі заңнаманы және өзге де нормативтік құқықтық кесімдерді қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін бұзушылық анықталған жағдайда ұйымдардың (кәсіпорындардың), жекелеген өндірістердің, цехтардың, учаскелердің, жұмыс орындарының және жабдықтардың пайдаланылуын осы бұзушылықтар жойылғанға дейін тоқтата тұруға (тыйым салуға);

8) еңбек туралы және еңбекті қорғау туралы заңнаманың талаптарына жауап бермейтін арнаулы киімдердің, арнаулы аяқ киімдердің және басқа да жеке қорғаныш құралдарының жұмыс орындарында берілуі мен пайдаланылуына тыйым салуға;

9) қауіпсіздік техникасы жөнінде оқытудан және нұсқамалықтан өтпеген адамдарды жұмыстан шеттетуді талап етуге, сондай-ақ еңбек туралы және еңбекті қорғау туралы заңнаманың талаптарына сәйкес ережелерді, нормаларды және нұсқауларды білуін тексеруге;

10) еңбек туралы және еңбекті қорғау туралы заңнаманы бұзушылық

фактілері бойынша ақпаратты және материалдарды тиісті құқық қорғау органдарына жіберуге;

11) мемлекеттік еңбек инспекторларына жүктелген функцияларды атқару үшін жұмыс берушілерден және ұйымдардың тиісті лауазымды адамдарынан жағдай жасауды талап етуге;

12) заңнамада көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

7. Мемлекеттік еңбек инспекторлары өзінің лауазымдық өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде алған мемлекеттік, қызметтік және коммерциялық құпияларды сақтауға міндетті.

8. Мемлекеттік еңбек инспекторларының заңсыз әрекеттеріне бағыныстылығына қарай облыстардың, Астана және Алматы қалаларының бас еңбек инспекторларына, Қазақстан Республикасының бас мемлекеттік еңбек инспекторына не сот тәртібімен шағым жасауға болады.

3. Қызметін ұйымдастыру

9. Қазақстан Республикасының аумағында еңбек туралы және еңбекті қорғау туралы заңнаманың сақталуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру жөніндегі мемлекеттік еңбек инспекторларының қызметін тиісті бас мемлекеттік еңбек инспекторлары ұйымдастырады.

10. Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік еңбек инспекторы:

1) Қазақстан Республикасының еңбек жөніндегі орталық атқарушы органы бас мемлекеттік еңбек инспекторларының жұмысын ұйымдастырады;

2) Министрліктің облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы аумақтық органдары мемлекеттік еңбек инспекторларының жұмысын үйлестіреді ;

3) мемлекеттік еңбек инспекторлары үшін еңбек туралы және еңбекті қорғау туралы заңнаманың сақталуын бақылауды жүзеге асыру жөніндегі әдістемелік нұсқауларды әзірлеуді ұйымдастырады;

4) қызметкерлердің еңбек қызметімен байланысты жазатайым оқиғаларға ұшырауын және денсаулығына келтірілген өзге де зақымдарды тексеру мен есепке алудың белгіленген тәртібінің орындалуын өз құзыреті шегінде қамтамасыз етеді ;

5) республика бойынша еңбек туралы және еңбекті қорғау туралы заңнаманың сақталуының жай-күйіне мониторинг жүргізуді, сондай-ақ өндірістегі жазатайым оқиғалардың себептері мен мән-жайларына талдау жасауды ұйымдастырады ;

б) еңбек туралы және еңбекті қорғау туралы Қазақстан Республикасы заңнамасы сақталуының жай-күйі туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат және баяндамалар әзірлеуді ұйымдастырады;

7) қабылдау жүргізеді, азаматтардың және ұйымдардың хаттарын, арыздарын

және өтініштерін қарайды;

8) өндірістегі жазатайым оқиғаларды тексеру барысында туындаған келіспеушіліктер, сондай-ақ еңбек туралы, еңбекті қорғау туралы заңнама мен еңбек қатынастарын реттейтін өзге де нормативтік құқықтық кесімдер мәселелері бойынша қорытындылар береді;

9) Министрлік өзіне жүктеген міндеттерге сәйкес мемлекеттік еңбек инспекторларының қызметін ұйымдастырудың өзге де түрлерін қамтамасыз етеді.

11. Қазақстан Республикасының еңбек жөніндегі орталық атқарушы органының бас мемлекеттік еңбек инспекторлары:

1) заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық кесімдердің жобаларын, сондай-ақ еңбек туралы және еңбекті қорғау туралы заңнама мен Министрліктің қызметі саласына қатысты өзге де нормативтік кесімдердің сақталуын бақылауды жүзеге асыру жөнінде әдістемелік ұсынымдар әзірлеуге қатысады;

2) азаматтар мен ұйымдардың мемлекеттік еңбек инспекторларының құзыретіне кіретін мәселелер бойынша хаттарын, арыздарын және өтініштерін қарайды;

3) еңбек туралы және еңбекті қорғау туралы заңнаманың сақталу жай-күйі туралы ақпараттар, анықтамалар және баяндамалар әзірлейді;

4) республика бойынша өндірістік жарақаттану жай-күйіне мониторинг жүргізеді, сондай-ақ өндірістегі жазатайым оқиғалардың себептері мен мән-жайларын талдайды, оларды жою және алдын алу жөнінде ұсыныстар енгізеді;

5) Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығымен құрылатын адам өліміне соқтырған топтық жазатайым оқиғаларды тексеру жөніндегі арнаулы комиссиялардың жұмысына қатысады;

6) еңбек заңнамасының мәселелері бойынша семинарларды әзірлеуге әрі еңбек туралы және еңбекті қорғау туралы заңнаманың сақталуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға, сондай-ақ мемлекеттік еңбек инспекторларының оқуын ұйымдастыруға қатысады;

7) облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша мемлекеттік еңбек инспекторларының жұмысын тексеру және оларға практикалық, әдіснамалық көмек көрсету және ұйымдардың еңбек заңнамасын сақтауы жөнінде бірлескен зерттеулер мен тексерулер жүргізуге қатысу үшін жергілікті жерлерге шығып тұрады;

8) өздеріне жүктелген лауазымдық міндеттемелеріне сәйкес өзге де қызметтерді жүзеге асырады.

12. Облыстар мен Астана және Алматы қалалары бойынша бас мемлекеттік еңбек инспекторлары:

1) облыстар мен Астана және Алматы қалалары бойынша мемлекеттік еңбек инспекторларының жұмысын жоспарлайды және ұйымдастырады;

2) облыстар мен Астана және Алматы қалалары бойынша мемлекеттік еңбек инспекторларын оқыту және біліктілігін арттыру жөніндегі жұмыстарды жүзеге асырады ;

3) еңбек туралы және еңбекті қорғау туралы заңнаманы бұзуға кінәлі адамдарға облыстар мен Астана және Алматы қалалары бойынша мемлекеттік еңбек инспекторларының ықпал ету шараларын қолдануының негізділігі мәселелерін қарайды ;

4) заңнамада белгіленген жағдайларда өндірістегі жазатайым оқиғаларды арнайы зерттеу жөніндегі комиссияның құрамын белгілейді;

5) жазатайым оқиғаларды тексеру барысында туындаған келіспеушіліктер бойынша, сондай-ақ еңбек туралы және еңбекті қорғау туралы заңнама мәселелері мен еңбек қатынастарын реттейтін өзге де нормативтік құқықтық кесімдер бойынша қорытындылар береді;

б) өздеріне жүктелген лауазымдық міндеттеріне сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады .

13. Облыстар мен Астана және Алматы қалалары бойынша мемлекеттік еңбек инспекторлары :

1) ұйымдардың еңбек туралы және еңбекті қорғау туралы заңнаманы сақтауы мәніне тексеруді жүзеге асырады;

2) азаматтар мен ұйымдардың өздерінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша хаттарын, арыздарын және өтініштерін қарайды;

3) Министрліктің аумақтық органының бұйрығымен құрылатын өндірістегі жазатайым оқиғаларды тексеру жөніндегі арнаулы комиссиялардың жұмысына қатысады ;

4) еңбек туралы және еңбекті қорғау туралы заңнаманың сақталу жай-күйі туралы есептер, ақпараттар, анықтамалар мен баяндамалар әзірлейді;

5) өздеріне жүктелген лауазымдық міндеттеріне сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады .

14. Мемлекеттік еңбек инспекторлары өз жұмысында Министрлік әзірлеген және бекіткен нұсқамалар бланкілерін, есеп нысандарын және жеке мөртаңбаларды пайдаланады .

15. Мемлекеттік еңбек инспекторлары өз қызмет міндеттерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда заңнамаға сәйкес жауаптылықта болады.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2001 жылғы 20 шілдедегі

№ 983 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мемлекеттік мекемелері - аумақтық органдары ТІЗБЕСІ

"Ақмола облысы бойынша Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау департаменті" мемлекеттік мекемесі

"Ақтөбе облысы бойынша Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау департаменті" мемлекеттік мекемесі

"Алматы облысы бойынша Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау департаменті" мемлекеттік мекемесі

"Атырау облысы бойынша Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау департаменті" мемлекеттік мекемесі

"Шығыс Қазақстан облысы бойынша Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау департаменті" мемлекеттік мекемесі

"Жамбыл облысы бойынша Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау департаменті" мемлекеттік мекемесі

"Батыс Қазақстан облысы бойынша Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау департаменті" мемлекеттік мекемесі

"Қарағанды облысы бойынша Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау департаменті" мемлекеттік мекемесі

"Қызылорда облысы бойынша Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау департаменті" мемлекеттік мекемесі

"Қостанай облысы бойынша Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау департаменті" мемлекеттік мекемесі

"Маңғыстау облысы бойынша Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау департаменті" мемлекеттік мекемесі

"Павлодар облысы бойынша Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау департаменті" мемлекеттік мекемесі

"Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау департаменті" мемлекеттік мекемесі

"Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау департаменті" мемлекеттік мекемесі

"Астана қаласы бойынша Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау департаменті" мемлекеттік мекемесі

"Алматы қаласы бойынша Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау департаменті" мемлекеттік мекемесі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2001 жылғы 20 шілдедегі

№ 983 қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау
министрлігінің қарауындағы ұйымдар
ТІЗБЕСІ**

Ескерту. Тізбе өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.09.05. № 1146 қаулысымен .

Ескерту. Тізбе жетінші абзацпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.08.13.

№ 854 қаулысымен .

"Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

"Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі ақпараттық-талдау орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

"Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Кадрлар біліктілігін арттыру курсы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

"Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Соғыс және еңбек ардагерлеріне арналған "Ардагер" республикалық пансионаты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің "Республикалық эксперименттік протездеу орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің "Алматы протез-ортопедия орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (шаруашылық жүргізу құқығында)

"Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбекті қорғау жөніндегі республикалық ғылыми-зерттеу институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің "Петропавл протез-ортопедия орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (шаруашылық жүргізу құқығында)

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің "Семей протез-ортопедия орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (шаруашылық жүргізу құқығында)

"Семей протез-ортопедия бұйымдары жөніндегі тәжірибелік-эксперименттік кәсіпорны" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

"Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Шаруашылық басқармасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК